

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫ

Балалардың эстетикалық тәрбиесі балаларды тұрмыс эстетикасымен, еңбектегі, табиғаттағы, қоғамдық құбылыстардағы әсемдікпен таныстыру жолымен және өнер құралдары арқылы жүзеге асырылады. Балаға өмір сұлулығын сезінуді және түсінуді үйрету ересектердің ұзақ жұмысын керек ететін күрделі де қиын міндет.

Туған үйдің қабырғасы, баланы алғашқы жасынан бастап қоршаған заттар оған мықтап әсер етеді. Жайлы жиһаз, түрлі түстердің жарасты үйлесімі, өнер бұйымдары, үйді безендірудің жалпы стилі көзбен, түйсінуге қабылданатын осылардың бәрі сәбидің есінде, санасында сақталып қалады.

Балалар бақшасындағы тұрмыс эстетикасы көркем қарапайымдылықтан, күнделікті тұтынылатын заттардың ақылмен таңдалып алынуынан, әр заттың өз орнында жарасып тұруынан, басы артық еш нәрсенің болмауынан көрінеді. Қабырғалардың бояуы жайдары, ашық болуға тиіс.

Балалар бақшасын безендіруге қойылатын талап балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау міндеттерімен, олармен жүргізілетін тәрбие жұмысының мазмұнымен анықталады. Олардың ішіндегі ең бастылары мыналар:

1. Үй жиһаздарының пайдалылығы, жабдықтардың практикалық тұрғыдан қажеттілігі.
2. Тазалық, қарапайымдылық, әдемілік.
3. Әрбір заттың көзге сүйкімді, анық көрінуін қамтамасыз ететіндей түс пен жарықтың дұрыс ұштасуы.
4. Безендірудің барлық компоненттері біртұтас ансамбль құрайтын болуға тиіс.

Топты безендіруде бейнелеу өнеріне: картиналарға, эстамптарға, қолданбалы өнер заттарына ерекше орын берілуге тиіс.

Эстетикалық ұғымдарын кеңейтеді, өнер шығармаларын түсінуге негіз қалайды, көркемдік ләззат береді, өрнектің, гүлдің суретін салу, әдемі ойыншық жасау талабын туғызады [1].

Балалар бақшасын безендіруде халықтың қолданбалы өнер шығармаларына маңызды орын берілуге тиіс. Барлық топтарда ұлттық бұйымдар болуы керек (кітап мүйісіндегі жиһаз және алмасып тұратын екі-үш зат). Көңілді дымковолық ойыншық, жестоволық поднос, керамикадан жасалған шығармалар болғаны жақсы.

Әрине, балаларды әдемі заттармен қоршап қою жеткіліксіз, оларды сұлулықты көре білуге, оны аялап, бағалай білуге үйрету керек. Сондықтан тәрбиеші үй ішінің тазалығына, гүлдер, картиналардан бөлмеге

енетін сұлулыққа балалардың назарын аударып, балалардың бөлмені өздері әдемілейміз деген ықыласын көтермелеп отыру керек.

Мұның бәріне бірте-бірте үйрету керек. Мысалы, балалармен бір күтушінің жұмысын бақылай жүріп тәрбиеші оның бөлмеде тазалық сақтап қана қоймай, сонымен бірге жайлылық орнататынына балалар көзін жеткізеді. Жақсы жиналған, тап-таза болып жарқырап тұрған бөлме жайнап кетеді. Сондықтан балалардың өздері де әуелі ересектердің жәрдемімен, содан соң олардың еске салуымен, ал ересек топта өздігінен – ақ тазалық пен тәртіп сақтауға бірте-бірте әдеттенеді.

Балаларды алғашқы жасынан бастап, мінез-құлық мәдениетімен ұштастыра отырып, сыртқы пішін эстетикасына үйрету керек. Бұл жағы тәрбиешінің өз басының өнегесі, оның ішкі және сыртқы мәдениетінің бірдей болуы ықпал етудің аса күшті құралы болып табылады[2].

Туған елдің табиғаты да эстетикалық тәрбиенің қуатты құралы. Оның сұлулығы балалық шақта өте-мөте жарқын әрі терең қабылданады, сезім мен ойда берік орныққан аяулы әсер адамның бүкіл ғұмыры бойына еш ұмытылмайды.

Тәрбиеші балаларға табиғат әлемін ашып береді, олардың гүл жарнағындағы мөлдір шықтың, алуан түрлі шөптердің, батып бара жатқан күн бояуының ғажап әдемілігін түсінуіне көмектеседі. Тек осы сұлулықты өзін көріп, бала жүрегіне жол табатын әсерлі сөздермен жеткізе білуің керек. Бұл тұрғыда оған табиғат туралы көркем шығармалар баға жетпес көмек көрсетеді, сондықтан тәрбиеші көркем шығармаларды көп білуге және шебер пайдалануға тиіс [3].

Өнер эстетикалық тәрбиенің көп қырлы және сарқылмас құралы болып табылады. Ол балаларды бүкіл елдің өмірімен таныстырады, Отанды, оның адал, мейірімді, батыл адамдарын сүйуге тәрбиелейді. Өнер шығармалары қуаныштық, эстетикалық ләззаттың, рухани баюдың қайнар бұлағы болып табылады. Оның көптеген түрлері: әдебиет; музыка, сурет өнері, скульптура, театр, кино балалардың қолы жеткен игіліктер. Өнердің әр түрі өмірді өз ерекшелігімен бейнелейді және баланың ақыл-ойы мен сезіміне ерекше әсер етеді.

Балалардың алғашқы жасынан бастап-ақ халықтың ауыз творчествосы, балалар әдебиеті олардың жақын серігіне айналады. Олардың өмірінде ертегілер айрықша орын алады. «Бұл ертегі дегеніңіз қандай тамаша. Оның әрқайсысы — поэма»,— деп А. С. Пушкин ертегіге жоғары баға бергенді.

Барлық нәрсе сөзбен жеткізіле бермейді. Сезімнің музыкада ғана неғұрлым терең және толығырақ жеткізілетін қырлары бар. П. И. Чайковский: «Сөздің шамасы келмеген жерде неғұрлым әдемі тіл музыка құдірет алады» деп жазған болатын. Музыка эмоциялық әсерді күшейтеді. Ол балаға өте қажет. Бейнелеу өнері де балаға қажет. Ол көзбен көретін бай бейнелер тудырады.

Мереке кездерінде балалар бақшасында өнердің әр түрі балаларға өзінің бар ерекшелігімен және бірлігімен ықпал жасайды. Мерекелер мектеп жасына дейінгі балаларға қатты әсер етеді, олардың есінде ұзақ сақталады да, эстетикалық тәрбиенің маңызды құралына айналады[4].

Балаларға арналған өнерге қойылатын талап жоғары. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін таңдап алынатын шығармалар көркемдік дәрежесі жағынан жоғары, түсінуге жеңіл, тәрбие беру міндеттеріне сай болуға тиіс.

Әрбір келесі жас тобы үшін көркем материал эстетикалық тәрбие міндеттерінің тереңдеуіне байланысты бірте-бірте күрделендіріле береді. Бұл «Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасында» ескерілген, онда әрбір жас тобына арналған көркем шығармалар көрсетілген.

Сайып келгенде, балаларға арналған көркем шығармалардың орындалу сапасы өте маңызды, баланың эстетикалық тәрбиесі көп жағынан соған байланысты.

Эстетикалық тәрбиені жүзеге асыруда балалар бақшасы жетекші орын алады. Дегенмен жанұяның ролі де зор. Балалар бақшасы мен жанұя ықпалының бірлігі жағдайында ғана эстетикалық тәрбие міндеттерін толық көлемінде жүзеге асыруға болады. Балалардың әрқайсысы музыкант немесе суретші болмауы мүмкін, бірақ әрбір баланың өнерге сүйіспеншілігі мен ықыласын тәрбиелеуге, эстетикалық талғамын, музыканы түсінуін, сурет салудың қарапайым дағдыларын дамытуға болады және солай ету керек те.

Тәрбиеші жанұяның балаларға эстетикалық тәрбие беру үшін қажетті жағдай жасауына көмектеседі. Ол ата-аналарға тұрмыс эстетикасының маңызы туралы айтып, балаларға не оқып беру, музыка тыңдау үшін қандай кассета сатып алу керек екені туралы кеңес береді, жанұяда бала творчествосы үшін балаға қажетті нәрсенің бәрі: альбом, қарындаштар, бояулар, ойыншықтар, кітаптар болуына ат салысады [5].

Балалар бақшасы мен жанұяның эстетикалық тәрбиесінде сабақтастықтың болуы адам меңгеруге тиісті рухани мәдениеттің бастапқы негізін қалыптастырады.

Өнер де эстетикалық тәрбиенің көп қырлы және сарқылмас құралы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Возвращение к истокам: народное искусство и детское творчество. Учебно-методическое пособие/ под.ред. Шпикаловой Т. Я., Поровской Г. А. – М.: Гумонит. Владос. – 2000. – 168 с.;
2. Лыкова, И. А. Программа художественного воспитания, обучения и развития детей 2-7 лет «Цветные ладошки». – М.: «Карапуз-дидактика», 2007. – 142 с;
3. Торшилова, Е.М. Шалун, или мир дому твоему: Эстетическое воспитание школьников / Е.М. Торшилова // Дошкольное воспитание. – 2001. – №9;
4. Эстетическое воспитание в детском саду: Пособие для воспитателей детского сада / Под ред. Н.А.Ветлугиной. – М.: Просвещение, 1995;
5. Эстетическое воспитание и развитие детей дошкольного возраста: Учебное пособие для ВУЗов / Е.А.Дубровская, Т.Г.Казакова, Н.Н.Юрина и др.; Под ред.Е.А. Дубровской, С.А. Козловой. – М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 256с.